

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

«ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІ-МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ МЕН  
ШЕБЕРЛІГІНІҢ ЖЕМІСІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ВЕБИНАР-  
ПРАКТИКУМ

АҚТАУ ҚАЛАСЫ  
2022 ЖЫЛ



**Б Ұ Й Р Ы Қ**

**П Р И К А З**

19.10.2022 ж. № 156-нқ

**«Шәкірт жетістігі-мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі»  
тақырыбында информатика мұғалімдеріне облыстық вебинар-  
практикум өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №583 бұйрығы сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылдың 22 қазаны күні информатика пәні мұғалімдеріне облыстық вебинар-практикум онлайн форматта өткізілсін (бұдан әрі - Вебинар)
2. Бекітілсін:
  - 1) Вебинар бағдарламасы (1-қосымша);
  - 2) Вебинар ұйымдастыру құрамы (2-қосымша);
3. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне:
  - 1) Спикерлердің жұмыстары 2022 жылғы 20 қазанға дейін жіберілсін.
4. Облыстық білім берудің оқу-әдістемелік орталығының информатика пәні әдіскері (А.Казбековаға);
  - 1) Вебинарды тиісті деңгейде ұйымдастырып, сапалы өткізу жауапкершілігі тапсырылсын.
5. Бұйрықтың орындалысы директордың у.м.а К.Мироваға жүктелсін.

Директор у.м.а.

К.Мирова

«19» 10 2022ж  
Бұйрық № 156 м.к.  
1-қосымша

**«Шәкірт жетістігі-мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі»  
тақырыбында информатика мұғалімдеріне облыстық вебинар-  
практикум  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Өтетін мерзімі:** 22.10.2022 ж.

**Уақыты:** сағат 15.00

**Өткізу формасы:** ZOOM платформасы

22.10.2022ж <https://us02web.zoom.us/j/2109908959?pwd=VjJMRk9sRUgyVVJ2cy90RnJ3aVNkQT09>

Идентификатор конференции: 210 990 8959

Код доступа: 123456

**Мақсаты:** Мұғалімдерді әдістемелік қолдау және іс-тәжірибе алмасу

<b>Информатика пәні мұғалімдерінің вебинары</b>	
<b>Модератор:</b> Казбекова Айман Темиркуловна облыстық білім берудің оқу-әдістемелік орталығының информатика пәні әдіскері	
<b>Қатысушылар:</b> аудандық, қалалық информатика пәні мұғалімдері	
<b>Қатысушылар саны:</b> 100	
15.00-15.05	Қатысушыларды тіркеу
15.05-15.20	Меденов Орынбасар, физика, информатика пәні мұғалімі, зейнеткер, ардагер ұстаз <i>«Оқушыларды ҰБТ дайындау»</i>
15.20-15.35	Кабакова Гулима Рзабековна, Түпқараған ауданы М. Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының информатика пәні мұғалімі <i>«Заманауи ғылым-ілгерілеу қадамдары»</i>
15.35-15.50	Кабиева Тұрған Тынымжановна, Мұнайлы ауданы, Басқұдық с. №9 жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі <i>«Шәкірт жетістігі – мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі»</i>
15.50-16.00	Қорытынды, пікір алмасу

### Ұйымдастыру құрамы

#### Ұйымдастыру төрайымы:

Мирова Күлпан Тойлықызы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының қоғамдық гуманитарлық бөлімінің жетекшісі
Қиянова Шолпан Орынбасарқызы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының бөлім жетекшісі;
Казбекова Айман Темиркуловна	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының информатика пәні бойынша әдіскері;
Базарбаева Айткүл Қуанышкерейқызы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының ақпараттандыру және технологиялар бөлімінің әдіскері
Дарменова Айбубек Кылышбековна	Маңғыстау ауданы Шетпе лицейінің информатика пәні мұғалімі



**Меденов Орынбасар**  
*физика, информатика пәні мұғалімі,  
зейнеткер, ардагер ұстаз*

### **«Оқушыларды ҰБТ дайындау»**

Биылғы оқу жылынан бастап, 2022-2023 оқу жылынан жоғары оқу орнына мына мамандықтар бойынша оқуға түсетін талапкерлер «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар» және «Ақпараттық қауіпсіздік» салалары бойынша оқуға түсетін талапкерлер ҰБТ-да «Математика+информатика» комбинациясын тапсыратын болады. Бұл алдағы уақытта әрбір адам математиканы білгені сияқты, бағдарламалау тілдерін де меңгеру қажет екендігін білдіреді. Қазіргі таңда IT саласының мамандары кез-келген кәсіп саласында өте қажетті, мысалы медицинада қаншама жаңа техникалар келіп жатыр, оларды меңгеру үшін медик емес IT маманы қажет. Информатика мұғалімдерінің алдында тұрған міндет тек қана бағдарламашы дайындау емес, сонымен қатар компьютерді жетік меңгерген офистік бағдарламалардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалана алатын, графиктік ортада жұмыс жасай алатын, сауатты шәкірттер дайындау. Барлақ талапкерлердің IT маманы болуы мүмкін емес, кез келген мамандық иесі қазіргі таңда компьютерлік бағдарламаларды жақсы меңгерген болуы керек.

Информатикадан тест тапсырмаларының үлгілерін қарап шықтым, онда

- Офистік бағдарламалардан ;
- Алгоритмнен;
- файлдар мен олардың кеңейтулерінен;
- Бағдарлама тілдерінен; (оның ішінде Паскальда, СиПаскальда жүр)
- Логиканың элементтері т.с.с,кездеседі

Мысал ретінде мына бір үлгіні алып отырмын, Excel бағдарламасынан

#### **Бағандар**


1. Мыналардың қайсысын бірнеше бағанға орналастыруға болады:

- A) әңгіме
- B) өлең
- C) баяндама
- D) шығарма


2. Бағандарды құру бұйрығы жолақтың қай тіркеме парағында орналасқан?

- A) Бетті белгілеу
- B) Кірістіру
- C) Басты
- D) Терезе

Тест үлгілерін алу үшін «Ұлттық тестілеу орталығына» <http://www.testcenter.kz/> сайтына кіру керек, сонада, төмендегідей парақ ашылады



Оқушыларға деген батырманы таңдау арқылы тест тапсырмаларына кіруге болады, одан басқада



Батырма шығады, көрсетілген сайтқа кіру арқылы тегін байқау сынағынан өтуге болады. көп зат талап етпейді,

PROBNOE ENT

ҰБТ/КТ БАЙҚАУ СЫНАҒЫ

Өзіңіздің ЖСН-ды(email) енгізіңіз:

ЖСН(email)

Пароль

ҚҰПИЯСӨЗДІ ҰМЫТТЫҢЫЗ БА? БОЛДЫРМАУ ӨРІ ҚАРАЙ

Ұлттық бірыңғай тестілеудің байқау сынағын тегін өту үшін:

1. «ЖСН(email)» жолына ЖСН немесе email енгізіңіз;
2. Құпия сөз енгізу жолын бос қалдырыңыз;
3. «Өрі қарай» батырмасын басыңыз.

Егер алдын ала сатып алынған Ұлттық бірыңғай тестілеуінің байқау сынағынан өткіңіз келсе:

1. «ЖСН(email)» жолына ЖСН немесе email енгізіңіз;
2. Құпия сөз енгізу жолына email-ге келген құпия сөзін енгізіңіз;
3. «Өрі қарай» батырмасын басыңыз.

Для прохождения пробного тестирования ЕНТ на бесплатной основе:

1. Ввести свой ИИН или email в поле «ИИН (email)»;
2. Поле ввода пароля оставить пустым;
3. Нажать кнопку «ДАЛЕЕ».

Если Вы хотите использовать или посмотреть результаты ранее приобретенных попыток тестирования:

1. Ввести свой ИИН или email в поле «ИИН (email)»;
2. Ввести ранее полученный на email пароль;
3. Нажать кнопку «ДАЛЕЕ».

Осы айтқандарды орындайсың, тегін тест үлгілерін алуға болады.





**Кабакова Гулима Рзабековна**  
*Түпқараған ауданы*  
*М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясы*  
*информатика пәні мұғалімі*

### **«Заманауи ғылым – ілгерілеу қадамдары»**

#### **Мақсаты:**

- Заманауи мұғалімдерге қазіргі таңның проблемалары мен оқушылардың потенциалдарын ескере отырып көмектесу.
- Мектептің материалдың базасын ескере отырып, ғылыми жоба жазуға үйрету, бейне сайыстарға дайындау
- Мектеп оқушыларын зерттеушілік жұмыстарға бейімдеудің тәжірибелік жолдарымен бөлісу, көпшілік назарына ұсыну, жас мамандарға көмек көрсету.

Кез келген педагог оқушылармен жұмыс жасау барысында оқушылар ішіндегі жасырын потенциалдарды ашып, олардың болашағына жол сілтеуге міндетті деп ойлаймын. Қазіргі заманға сай дайын ғылыми жобаларды сатып алу деген проблемаға айналды. Біздің негізгі ниетіміз тікелей болсын оқушыларды немесе олардың ұстаздарын бағыттау, көмектесу, жол сілтеу, яғни олардың білім потенциалдарын ашу болып табылады. Сонымен қатар мектептің материалдың базасын ескере отырып, ғылыми жоба жазуға үйретуді жөн көрдік. Біз деп отырғанымын, мектебімізде тәжірибелі мұғалімдерден құралған шығармашылық топ құрылған. Шығармашылық топ бірнеше кіші топтарға бөлінеді, ғылыми жоба топ мүшелері барлық жобалардың, бейне жұмыстардың соңғы нәтижесін тексеріп, қарап сосын жарысқа жіберіп отырамыз.

Алдымен ғылыми жобаны жазудың бірнеше талаптарына тоқтала кетейін.

Оқушыларды ғылыми жобаға дайындаудағы негізгі мәселелер:

#### **I. Жетекшіге қойылатын талаптар:**

Мұғалімдерге ғылыми жоба не үшін керек? деген сұрақ туындайды.

Бұл сұраққа 2 түрлі жауап алуға болады:

1. «Менен талап етіледі, сол талапты орындауым керек, аттестациядан өтуім керек, өсуім керек» - мұғалімдердің 99 пайызы солай жауап береді.
2. Оқушы ғылыми жобаға қатысу үшін өзі жетекшіге ұсыныс тастайды.

Оқушыға жол сілтеп жүрмін деген мұғалімдер болады, олар өздерін бақытты санаса болады. Мектепте ондай талантты оқушылар бар. Оқушыны ғылыми жобаға, олимпиадаға қатыстыру үшін мұғалімдер таласқа түсіп жатады. Бірақ басқа балалардың да талантын кез келген сабақта оятуға болады. Басты мәселе жетекші басты мақсатты анықтап алуы тиіс.

Сонымен оқушымен шығармашылық жұмыс бастамас бұрын мұғалім өзіне төмендегідей талап қойғаны дұрыс:

1. Дарынды баланы анықтауда мектеп психологымен бірлескен жұмыс жасау;
2. Дарынды баланың ата — анасымен педагог ретінде сөйлесе білу;

3. Дарынды балаларға арнайы бағдарламалар жасау;
4. Дарынды балаға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою;
5. Жаңа технология элементтерін сабақта пайдалану;
6. Тапсырманың орындалу нәтижесін қадағалау.

## **II. Оқушыны таңдап алу.**

Мұғалімдер өз балаларын таңдап жатады (1,2,3-суреттер) немесе жақсы оқитын оқушыларды алып жатады. Бұл жерде қадамды орындау маңызды. Жақсы оқитын оқушы ештеңені шешпейді (4-сурет). Оқушы таңдағанда «Қызығушылығы бар ма?»- деп қараңыз (5,6,7-суреттер) және оқушыны үгіттеп осыны жасайсың деп, жобаны өзіңіз жасап бергенмен ол жұмысты қорғай алмайды. Бірнеше оқушыны алып, тақырып таңдатып көру керек. Олардың барлығы тақырып таңдай алмайды, немесе тақырып сәйкес келмейді. Өзіңіз тақырыпты таңдап таратып бересіз. Оқушылар арасында конкурс, яғни жарыс ұйымдастырасыз. Соның нәтижесінде 1 жылдың ішінде 1,2 оқушы ғана талаптарды орындай алады. Жанұя жағдайына байланысты форс можор да туындайды. Мұндай жағдайда басқа оқушымен жұмыс жасай беріңіз.

Оқушы таңдауда қойылатын талаптар:

- Оқушылардың өздігінен білімдерін көтеруге, жетілдіруге белсенді әрекет жасай алуы;
- Оқушы өзі таңдаған ғылым саласы бойынша өз бетінше білім – дағдыларын жетілдіру барысында жұмыс жүргізе алуы.
- Оқушылардың ғылыми – шығармашылық тобының жұмысы оқушылардың оқу үрдісін жетілдіруде және мамандық таңдауда көмегінің болуы.

## **III. Жұмыс тақырыбын таңдау. Негізгі параметрлердің бірі.**

Жұмыс тақырыбын таңдау- жобаның негізгі параметрлердің бірі болып табылады. Тақырып жеңіл болу керек. Мысалы, қарапайым қиды қарапайым эксперимент жасау арқылы тақырып етіп алуға болады. Бәріміз ойланып жүрген мәселені алу керек. Жеңіл, қызықты, әрі өзекті тақырып алынуы керек. Мысалы кальцийдің карбонаты өкпеге жете ала ма? Бір экспериментті мектеп базасындағы аспаптар арқылы жасап, нәтижеге жетуге болады. Сатып алынған жұмыста ешқандай құзіреттілік алмайсыз, орын алуыңыз мүмкін бірақ келесі жылға жалғастыра алмайсыз.

Сонымен төмендегідей ережелерді орындаған жөн:

- Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек.
- Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.
- Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін оқушы қызығатын тақырып аясын таңдау керек.
- Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.
- тақырып жұмыс ұзақ жылдарға созылмай, тез орындалатындай болу керек.
- Тақырыпты бәрі түсінетіндей болу керек, әрине тақырып оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келу керек.



- Тілегі мен мүмкіндігінің ұштасуы.

Ғылыми жобаны дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет:

- Тақырыптың ғылыми құндылығы, өзекті мәселелердің ашылуы;
- Таңдаған тақырыпты ашудағы оқушы еңбегінің сипаты, қосқан үлесі;
- Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
- Ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;
- Өз бетімен ізденуге, тың дүниелерге құштарлығын оятуы;
- Жұмыстың көркем безендірілуі.
- 

#### **IV. Эксперимент**

Экспериментті қолдан келетін сұрақ жауап ретінде және қолда бар құрылғылармен жасауға болады. Мысалы, 3 стакан бірдей мөлшерде су құйып, оларды бөлек бөлмелерге қойып, біріне жағымды, екіншісіне жағымсыз, үшіншісіне тіпті көңіл бөлмеңіз. Бір айдан кейін стакандағы сулардың қалай өзгергенін байқайсыз. Шетелдік эксперименттерді интернеттен алып жасап қараңыз. Сіздің жасаған экспериментіңізде не өзгешелік байқадыңыз? Міне осындан барып жоба жасауға болады.

Эксперимент жеңіл, әрі өте қызық, нәтижесі таң қаларлықтай болу керек.

Мысалы, мені бірнеше мұғалім тыңдап отырсыздар. Қазір барлығыңыздың потенциалдарыңыз бірдей. Қолымызда тақырып бар оқушы таңдалды, мектеп құралдары бар, тек қажет етілетіні оқушымен бірігіп ізденіс, шығармашылық жұмыс жасауды бастаңыз. Интернеттен көптеген мағлұмат алуға болады. Сол жұмысты жүзеге асыру үшін не керек болса, соның бәрін жасап қарау керек. Мысалы, географиядан, тарихтан «Бір жол, бір белес» деген тақырып бар. Бұл «Қытайдан шыққан жолдың Еуропаға неге бірнеше тармақ арқылы шықты?» деген сұраққа жауап іздеуден басталады. Осы тақырыпты тарихшылар мен географтар бөлек бөлек жолмен зерттеуге болады.

Тілшілерге мысалы, «неміс» деген сөз қайдан шықты. Ол орыстың «немец» түбірі «немой» деген сөзден шығады. Неге немістерді мылқау деп атаған? Міне - зерттеу тақырыбы. Жаратылыстану бағыты бойынша тақырыпты алып, мектеп материалдық базасын қолдана отырып, эксперимент жасап бастаймыз. Шетелдік эксперименттерді қайталап жасап көруге болады. Біздің жағдайымызда қандай нәтиже беретінін зерттеңіз.

#### **V. Жүзеге асыру жолы.**

Тақырып мақсаттан шығады. Орындалу керек міндеттер болу керек. Жоспар жазасыз. Жоспар бойынша әдеби шолу жасайсыз. 3 тілде жасайсыз. Сізге дейін кім айналысты. Өзектілік болады, жаңа идеялар, эксперимент жасайсыз. Қорытынды жасайсыз. Сосын ұсынысыңызды жасайсыз. Қолданған әдебиеттер жазасыз.

Зерттеу жұмысы – шығармашылық үрдіс. Оның барысында өзгертулер, толықтырулардың болып тұруы заңды құбылыс. Зерттеу жұмысына, ең алдымен жоспар жасап алу керек. Жұмыс жоспары «Не істеу керек, қандай жолдары бар,

қандай әдістер дұрыс ? » деген сұрақтарды қамтиды.

- Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасау. Ғылыми жұмыстарға үңілу.
- Ғалымдардан ақыл –кеңес сұрау.
- Интернетке жүгіну.
- Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргізу.
- Тәжірибе жүргізу, (Ақынның мұражайларына, туып –өскен жеріне, немесе оқиға болған жерге бару.) оның барысы, нәтижесін жүйелі түрде талдап отыру.
- Қорытынды жасау.
- Бейне материалдар, слайдтар жасау.
- Жұмысты қорғауға дайындалу.

Зерттеуші оқушы әрекетінің кезеңдері:

- зерттеу мақсатын анықтау;
- қажетті мәліметтерді жинау;
- басты бағытты айқындау;
- зерттеу объектісінің үлгісін жасау;
- зерттеу әдістемесін жасау;
- зерттеу жұмыстарын өткізу;
- алған нәтижелерді сипаттап түсіндіру;
- алған білімдерді қолдану туралы ұсыныс жасау;
- өз зерттеуінің нәтижелерін жұрт алдында қорғау.

#### **ҮІ. Ғылыми жобаның жазылу ережелері**

Жобаны жазғанда сол жобаның ережелерінен ауытқуға болмайды. Олар республикалық деңгейде бекітіліп келген құжат болғандықтан сол ережелер сақталуы міндетті. Мысалы, «1-7-сынып оқушыларына арналған зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» облыстық конкурсының ережесі» деп мектепке келеді. Осы ереженің 4-бөлімінде 14,15,16 - пункттерге сәйкес құжат рәсімделуі тиіс.

«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестиваліне тоқталатын болсақ:

Фестивальге кез-келген жанрдағы және шығармашылық шешімдегі авторлық жұмыстар: дәстүрлі немесе сандық технологиялар көмегімен– бейнекамера, фотокамера және ұялы телефонмен монтаждалып түсірілген 3 минутқа дейінгі қысқа метражды фильмдер (бейнежинақ) қабылданады.

Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1) Деректі (ойынды емес) кино** – нақты оқиға негізінде алынған, адамдар, жағдайлар туралы шығарма;

**2) Ойынды кино** – операторлық және режиссерлік, актерлік ойындар өнері көмегімен түсірілген сюжетті (ойдан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма;

**3) STOP-MOTION-видео** — технологиясымен құрылған видео, сюжетті шығарма. Таңдап алынған видеодан немесе фотокамерадан түсірілген кадрларды тізбектей монтаждалатын ролик;

**4) Өткір әлеуметтік тақырыптық бағыттағы бейнеөнім** — қалың көрермен аудиториясының назарын қоғам мәселелеріне аудару үшін қысқа жарнамалық хабарлама;

**5) Анимациялық кино** — кез-келген мультипликациялық техникада орындалған, компьютерлік немесе тақырыптық қозғалмалы иллюзияны құрайтын шығарма;

**6) Музыкалық клип** — компьютерлік өңдеудің және жаңа видеотехникалық құрылғылардың көмегімен түсірілген авторлық көркемдік концепция видеосы;

**7) Телевизиялық сюжет** — ел өмірі, ішкі және халықаралық саяси оқиғалар және т. б. туралы қысқаша ақпаратты қамтитын кинохрониканың бір түрі;

**8) Киножурнал** — қазіргі өмірді бейнелейтін жеке эпизодтар, көріністер бар қысқа метражды фильм;

**9) Ең үздік операторлық жұмыс.**

Менің мұғалімдік - мамандығым болса, фото, бейне өнері — хоббиім. Мектеп эмблемасының авторымын. Осы қызығушылығымды оқушыларға үйрету үшін аталмыш фестивальдің болғаны үлкен көмегін тигізіп келеді. Фестивальге 2017-жылдан бері үздіксіз қатысып келеміз. Алғашқы жылы фестивальдің санаулы номинацияларына оқушы қатыстырып, облыстық кезеңнің жеңімпаздары аталды. Ал 2018-жылы мұғалімдерден жоғарыда атап өткен шығармашылық топ құрып, барлық номинацияға оқушы дайындап, аудандық кезеңнен барлығы да облысқа жолдама алып, барлығы да облыстық кезеңнің жеңімпаздары атанды. 2020 жылы «Деректі кино» және «Анимация» номинациялары бойынша Жаңбырбай Ақмарал мен Оңайбай Бекнияз республикалық кезеңге қатысып келдік. Бұл жылдың жеңімпаздарын облыстан жетекші ретінде өзім республикалық фестивальді көрдім. 2021-жылы деректі кино номинациясы бойынша Сауытбайқызы Рысты республикалық кезеңге онлайн қатысты. Ал 2022 жылы республикалық кезеңге «Ойынды кино» бойынша Асарбек Али, «Үздік операторлық жұмыс» - Рысқали Қайсар мен «Анимация» номинациясына Қасымқызы Райхан қатысып, Қайсар мен Райхан 1-орындарды иеленді.

**Қорытынды.**

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өзі мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау — мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне оқушыларды ғылымға баулып, ғылым арқылы егемендігімізді нығайтуға үлес қосайық, құрметті әріптестер!




1-сурет Нұрланқызы Азиза



2-сурет Нұрланұлы Азамат



3-сурет Көлбай Төлепберген



4-сурет



5сурет. Республикалық «Зерде» ғылыми жоба жеңімпазы Мақсатұлы Нұркен





6-сурет. Роболанд-2017  
Габбас Б.



7-сурет. Роболанд-2018  
Тәжімағамбет Ернар



8-сурет. Түпқараған ауданының әр мектебінен құралған команда, 2018 жылғы «Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар кино фестивалінің облыстық кезең жеңімпаздары. М. Әбдіхалықов мектеп-гимназия оқушысы Надирханов Ж.



9-сурет

2019-жылғы облыс жеңімпаздары.  
Республикаға жолдама алған  
Батырұлы Дәурен, Берікқызы Оксана.



10-сурет


Шығармашылық топ.



11-сурет

Республикалық кезеңге қатысқан облыс  
жеңімпаздары.  
Жаңбырбай Ақмарал мен Оңайбай Бекнияз





12-сурет.  
2020-жылғы  
облыс  
жеңімпазы  
Сауытбайқызы  
Рысты.



13-сурет.  
2021-жылғы облыс жеңімпаздары.



14,15-суреттер. Республикалық кезең жеңімпазы Рысқали Қайсар мен қатысушы Асарбек Али «Маңғыстау» телеарнасының «Орта толсын» бағдарламасының қонақтары.



3 миллион иегері,  
аниматор – Азиза.



Тәуелсіздік жылдардың шығармашыл жастарын қолдау мақсатында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» аясында «Ақпарат және қоғамдық даму» министрлігі ұйымдастырған «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауының жалғыз оқушы жеңімпазы.





## **Кабиева Турган Тынымжановна**

*Мұнайлы ауданы, Басқұдық с.  
№9 жббм информатика пәні мұғалімі,  
педагог-сарапшы*

### **«Шәкірт жетістігі – мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі»**

Адам баласын ұлы мақсаттарға жеткізетін ұлы күш – білім, оны жас ұрпақтың бойына дарытушы – ұстаздар қауымы екені сөзсіз.

Дана Абай айтқандай: «Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл». Адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Ол ұстазының білімін, берген тәрбиесін, кеңесін алады. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғам қайраткері, ұлы тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытқа бейімдеп, көркейеді. Алайда оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, талмас еңбекқорлық, таза ниет керек.

Осы орайда, өзімнің еңбек жолымда бірнеше оқушым олимпиададан аудандық жүлделермен оралып, облыстық кезеңге де жолдама алғандары бар. Атап айтсақ, Гайнатдинов Наурыз, Кауанова Айдана, Ануарбекова Зульфия, Джумабай Мадина, т.б. Оқушылар информатикадан өткен түрлі сайыстарға қатысып, білімдерін шыңдап, пәнге деген қызығушылықтары артты. 2020 жылы Алматы қаласында өткен «Робототехника» курсына барып келгеннен кейін оқушыларымды осы сала бойынша түрлі сайыстарға қатыстыра бастадым.

Елбасымыз «Заманауи әлемде елдің қуаты білімімен өлшенеді. Сол білімді тұрмыс игілігіне жарата білумен бағаланады» деп атап өткендей жаһандану кезіндегі әлемнің түбегейлі өзгеріске ұшыраған заманда мұғалімдер заман талабына сай оқыту үдерісіндегі жаңалықтарды қолдайды. Атап айтсақ, «робототехника» саласын дамыту мақсатында өтетін көптеген бүкіләлемдік сайыстар негіз бола алады. Олар: WRO, Roboskills, First Lego League және т.б.

- <https://firstrobotics.kz/legoleague/>
- <https://ain.kz/stem2022/>
- <http://www.kazrobotics.org/KK/kazrobosport-2022/>
- <https://wro-association.org/>
- <https://www.instagram.com/reel/Cd-p3KKqLtn/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Қаскелең қ. 23-25 ақпан 2021ж.«First Lego League» сайысы



Тағы бір жаңалығымыз, маусым айында мектебіміздің оқушылары, Нұрсұлтан қаласында қыркүйек айының 24-25 жұлдызында өтетін ««STEM ОЛИМПИАДА – білімдегі инновациялар» атты халықаралық олимпиадасының іріктеу кезеңінен өтіп, финалға жолдама алды. Бірақ ұйымдастырушылар сайысты кейінге қалдырып отыр.

<https://ain.kz/stem2022/> өткізген жарыстың тапсырмалары осындай бағыттарды қамтыды.



КазРоботикс Федерациясының өткізген сайыстарының KazRoboProject-2022 бағыты бойынша мектебіміздің 8 «А» сынып оқушылары Бағым Дамир мен Аманқос Құрман «Маңғыстау даласындағы электромеханикалық жылыжай» атты жобасын таныстырды.



Оқушылар осындай сайыстар арқасында шыңдалып, команда болып жұмыс жасауды үйренеді, өзіне берілген жауапкершілікті сезініп, тек қана робот емес, STEAM әлемімен танысады. Жан-жақтан достар тауып, ғылымға деген құлшынысы арта бастайды. Сондықтан сіздерге кеңесім, осындай сайыстарға оқушыларыңызды көп қатыстыра беріңіз деген ұсынысым бар.

Қорыта келе, еліміздің көркеюі, өркендеуі жастардың қолында, ал жастарды білімге, ғылымға баулу біздің нақты парызымыз екенін айта кеткім келеді.